

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
2018 ЖЫЛҒЫ 8 МАУСЫМДАҒЫ

ҚАУЛЫСЫ

1. Ректор Т. Балыкбаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
	1. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бекітуге ұсынылсын.		

2. Комиссия төрайымы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы **Г.М.Кенжебаеваның** «Өнер, мәдениет және спорт институтының бейнелеу өнері және сәндік қолөнер теориясы мен әдістемесі және педагог-ұйымдастырушы және бастапқы әскери дайындық кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы және даму болашағы туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
	Комиссия төрайымы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Г.М.Кенжебаеваның «Өнер, мәдениет және спорт институты, бейнелеу өнері және сәндік қолөнер теориясы мен әдістемесі және педагог-ұйымдастырушы және бастапқы әскери дайындық кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы және даму болашағы туралы» анықтамасы - назарға алынсын.		
	Кафедралардың оқу-жүктемесін есептеп, бекітуде Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушы-профессорлар құрамы атқаратын педагогикалық жүктеме көлемін есептеуге арналған уақыттың бірыңғай нормасының ережесін негізге алу жұмыстары қадағалансын.	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.К. Кенжебаев Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі А.С. Сманова Педагог-ұйымдастырушы және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі С.Тәукейұлы	үнемі
	Білім алушылардың академиялық ұтқырлық жұмыстарын жандандыру жүктелсін.		үнемі
	Қазақ тілінде оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарды дайындап, шығару жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.		үнемі
	Аудиторияларды заманауи техникалық құралдармен жабдықтау қолға алынсын.	Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Қ.М.Арзықұлов Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Н.Е.Исабек Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі А.С.Сманова Педагог-ұйымдастырушы және бастапқы әскери дайындық	01.09.2018

	кафедрасының меңгерушісі С.Тәукейұлы	
--	---	--

3. Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры м.а. **Н.Әуесбекұлының** «2018/2019 оқу жылына білім алушылардың оқу төлемақысын бекіту және күндізгі және күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырылатын жеңілдіктер туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018/2019 оқу жылына білім алушыларға арналған оқу төлемақысы және күндізгі және күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырған жеңілдіктер жүйесі - бекітілсін.

4. Абай атындағы ҚАЗҰПУ оқытушы-профессорлар құрамы атқаратын педагогикалық жүктеме көлемін есептеуге арналған уақыттың бірыңғай нормасының ережесін (2018/2019 оқу жылы) талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

Абай атындағы ҚАЗҰПУ оқытушы-профессорлар құрамы атқаратын педагогикалық жүктеме көлемін есептеуге арналған уақыттың бірыңғай нормасының (2018/2019 оқу жылы) Ережесі - бекітілсін.

5. «Білім және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы 6D011400 – Тарих, 6D020300 – Тарих мамандықтары бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін беру жөнінде диссертациялық кеңестің құрамын өзгерту туралы тыңдай отырып, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

«Білім және гуманитарлық ғылымдар» саласындағы 6D011400 – Тарих, 6D020300 – Тарих мамандықтары бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін беру жөнінде диссертациялық кеңестің құрамы 1-ші қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

V. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор **М. Бектемесовқа** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева